

Сарыағаш ауданының Сарыағаш қаласында және ауданішілік тұрақты бағыттарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың тарифін белгілеу туралы

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 8 қазандағы № 354 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабының 2-тармағына, "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес Сарыағаш ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарыағаш ауданының Сарыағаш қаласында жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың тарифі 100 теңге көлемінде белгіленсін.

2. Сарыағаш ауданында ауданішілік тұрақты бағыттарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тасымалдаудың тарифі 1 километрге 11 теңге көлемінде белгіленсін.

"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының талаптары сақталсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Абдуллаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Сарыағаш аудандық мәслихаты